

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 400

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520 P951520\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 35, 449-бап) бекітілген Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы Ережеге мынадай өзгертулер енгізілсін:

8-тармақтың екінші абзацындағы "Төрағаның басқа жұмыстардан босатылған орынбасары" деген сөздер "Төрағаның басқа жұмыстардан босатылған бірінші орынбасары" сөздерімен алмастырылсын;

10-тармақтың екінші абзацындағы "Төрағаның басқа жұмыстардан босатылған орынбасары" деген сөздер "Төрағаның басқа жұмыстардан босатылған бірінші орынбасары" сөздерімен алмастырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі